

БӨЛІМ: ГЕОГРАФИЯ

Қызықты география 5-6 сыныптар арасында

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.04.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/55819/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

5-6 сыныптар арасында

Мақсаты: Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен ізденімпаздылығын, ойлау қабілеттерін дамыту негізінде шығармашылық қабілеттері мен топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту арқылы сыни көзқарастарын дамыту;

Мұғалімнің сөзі

Құрметті «Қызықты география» интеллектуалдық сайысының көрермендері мен қатысушылары. Бүгінгі сайысымызға 5-6 сынып оқушылары қатысады

Ақыл –адамды аздырмайтын ем,

Шолғыншысы-ой

Білім—таусылмайтын кен.

Жолдасы—кәсіп,

Адамның басшысы—ақыл

Қорғаны—сабыр,

Жетекшісі –талап

Қорғаушысы—мінез

Ойын 5кезеңнен тұрады:

1 . «Таныстыру»

2. «Тапқыр болсаң, тауып көр»

3. «Менің елім»

4. «Көрермендер сайысы»

5. «Капитандар сайысы»

1 — кезең. «Таныстыру»

2 — кезең. «Тапқыр болсаң, тауып көр». Жұмбақ шешу

Аяғы жоқ жүреді,

Жоғарыдан төмендеп. **(Су)**

Зу — зу етеді,

Түртіп кетеді. **(Жел)**

Тас тәрізді түрі бар,

Жақсаң - үйің жылынар. **(Көмір)**

Аппақ құдай басы бар,

Сан ғасырлық жасы бар. **(Тау)**

Мен ылғи таң қаламын көремін де,

Төрт емес, бір маусым бар ол өңірде? **(Экватор)**

Еркелеп жатамын,

Қаңтарда қатамын. **(Көл)**

Үйге кірдің қара жер,

Назарыңды сала көр.

Шыр үйіріп, үңіліп,

Іздегеніңді таба бер. **(Глобус)**

Суды шашып бұрқақша,

Мұхиттарда жүреді. **(Кит)**

Бір ғажап әлемде жоқ

аймақ көрдім

Алты ай түн, алты ай

күндіз жайлап келдім. (**Арктика**)

Сылдыраған суы бар,

Бұрқыраған буы бар. (**Бұлт**)

3 — кезең. «Менің елім»

Қалалар ойыны. Ойынның шарты алғашқы оқушы қаланың атын айтады келесі оқушы айтылған қаланың соңғы әріпінен басталатын қаланың атын айтады

4 — кезең «Көрермендер сайысы»

1. Қазір республикада облыс бар, олар экономикалық ауданға топтастырылған.
2. Қазақстан Республикасы – Еуразия материгінің бөлігінде орналасқан мемлекет.
3. 2 724,9 мың км² Бұл Қазақстан Республикасының
4. Қазақстан жер көлемі жөнінен дүниежүзі бойынша орныда.
5. Қазақстан оңтүстік-шығысында шектеседі.
6. Дүние жүзінде көлемі жағынан Оңтүстік Америка орында.
7. Жердің жасы жылға жуық.

5 — кезең «Капитандар сайысы»

Ұпай саны: 5 ұпай. Географиялық нысанның аты аталады, сіздер оның не екенін айтасыздар. Мысалы: Анд – тау.

1-топ

Сахара – шөл

Мадагаскар –арал

Африка –материк

Ертіс –өзен

Алматы –қала

Анаконда –жылан

Каспий –көл

Шолпан – ғаламшар

Тұсбағар – құрал

Темір кені – пайдалы қазба

2-топ

Алтай – тау

Наурызым –қорық

Аустралия –материк

Сібе –өзен

Қызылорда –қала

Калибри –құс

Анхель –сарқырама

Күн – жұлдыз

Термометр – құрал

Гранит – минерал

Осымен «Қызықты география» атты кешіміз аяқталды. Енді Әділ қазы мүшелері ойын қорытындысын айтып, жеңімпаздарды марапаттайды.«Қызықты география» атты кешіміз аяқталды. Ойынға қатысқандарыңызға рахмет.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.